

«КЕЛІСІЛДІ»

ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты
комитетінің Төрағасы

Е. Тілешов

2024 ж. « 7 »

Қараша

«БЕКІТЕМІН»

«Ұлттық тестілеу
орталығы» ШЖҚ РМК

Директоры

Б. Абдрасилов

2024 ж. « »

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҒЫНА ҚАБЫЛДАУ
НЕМЕСЕ АЗАМАТТЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ КЕЗІНДЕГІ
ТЕСТІЛЕНУШІЛЕРГЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде үміткерлерді тестілеу үшін арнайы әдістемелік нұсқаулық құрастырылды. Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға ниет білдірген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға арналған.

Мұндағы басты мақсат – ҚР Конституциясы, Қазақстан тарихы мен қарапайым деңгейде мемлекеттік тілді білу деңгейін бағалау. Әдістемелік нұсқаулықты толық түсіну арқылы үміткерлер тестілеу кезінде қандай талаптарға сай болу керектігін біле алады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМДЕР:

- I. Қарапайым деңгейдегі қазақ тілі
- II. Қазақстан тарихы
- III. Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздері
- IV. Тестіленушілердің іс-әрекет алгоритмі

I. ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде меңгеру деңгейін бағалау мақсатында әзірленді.

Тест мазмұны: Қарапайым деңгейде (A1) тест тапсырмалары.

Әдістемелік нұсқаулық келесі нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарды қамтиды:

1. ҚР СТ 1926-2023 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік күзiреттiлiктерi. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».
2. Қазақ тілін қарапайым деңгейде (A1) меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы /Құрастырушылар: З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева, М.С. Жолшаева – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
3. Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарлама. – Астана, «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2016.
4. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумдары /Құрастырушылар: З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2017.

Тапсырмалар формасы:

Тыңдалым және Оқылым бөліктері бойынша ұсынылған 4 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау.

Мәтіндерге арналған тапсырмалар түсінудің келесі деңгейлерін ашады:

А-фрагментарлық;

В-детальды;

С-ауқымды.

Екі бөлік бойынша тапсырмалар төмендегі тақырыптарды қамтиды:

№	Тақырыптар	№	Тақырыпшалар
1	Адам, қоғам және рухани құндылық	1	Танысу.
		2	Менің үйім. Мекенжай. Көше. Басқа елдердегі тұрғын үй жағдайы. Пәтер. Тұрмыс. Тұрмыстық заттар.
		3	Отбасы. Отбасы тәрбиесі. Отбасы және отбасылық жағдай. Туыс. Дос.
		4	Сезім. Мінез. Адам, зат (материал), ақпарат, іс-әрекет. Адам қасиеттері, адам келбеті.
		5	Өзі туралы. Сүйікті іс (хобби). Бос уақыт. Демалыс. Демалыс орындары.
		6	Медицина. Денсаулық. Денсаулық – зор байлық. Дұрыс тамақтану. Спорт. Спорттық ойындар. Жарыс, олимпиада, жеңіс, грамота, алғыс хат, медаль.
		7	Қоғамдық орындар (Әуежай, теміржол вокзалы, саяжай, саябақ, аялдама, касса, дәріхана, емхана, аурухана, асхана, дәмхана, мейрамхана), Қызмет көрсету орындары (Халыққа қызмет көрсету. Қонақүй. Көлік жөндеу. Шеберхана. Бекеттер. Спорт кешені.), Дүкенде, азық-түлік, сауда, ақша, тиын, қымбат, арзан, жеңілдік. Көлік, көлік түрлері.
		8	Мерекелер (туған күн, қуанышты күн, отбасылық мереке т.б.)
		9	Киім. Түстер. Сапасы. Сән әлемі (қосымша заттары). Отандық тауар.
2	Білім және ғылым	10	Ресми мекемелер мен ұйымдар: Балабақша, мектеп, университет. (мектеп өмірі, жетістіктері, оқытушылар, студенттер және т. б.) Білім беру.
		11	Интернет, әлеуметтік желі, байланыс, телефон, ақпарат алу.
		12	Жұмыс. Жұмыс күні. Мамандық. Еңбек. Еңбек демалысы. Әріптестер. Мектеп өмірі (тәрбиеші, оқушы, мұғалім, студент, оқытушы және т. б.).
		13	Жастар – еліміздің болашағы.
		14	Мәдениет. Мәдени орындар: кинотеатр, театр, концерт залы, музей, кітапхана. Өнер (Музыка, би, кино, фильм және т. б.) Тіл. Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте!
		15	Өтініш, жұмысқа тұру, жоғары білім, тәжірибе, хат.
3	Қазақстан және ғалам	16	Менің елім. Мемлекет. Ұлттық рәміздер: ту, елтаңба, әнұран.

	17	Қала, аймақ, аудан, ауыл, мекенжай, ел, тарих. Ғимарат.
	18	Жыл мезгілдері: (уақыт, күн, апта, ай, жыл). Сандар.
	19	Ауа райы. Табиғат.
	20	Экологиялық жағдайлар.
	21	Өсімдіктер. Жануарлар: аңдар, үй жануарлары, жәндіктер. Құстар. Үй құстары.
	22	Әлемдегі қызықтар
	23	Туризм. Еліміздің әдемі жерлері. Саяхат.
	24	Тарих. Тарихи оқиға.
	25	Технология. Жаңа заман.

II. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде «Қазақстан тарихын» білу мақсатында әзірленді.

«Қазақстан тарихы» бойынша емтихан материалдарын әзірлеу үшін қолданылатын әдебиет:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. - Алматы: Атамұра, 1996, 1998, 2002, 2010.

2. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық авт.: Т. Омарбеков; Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 476 б.

3. Қазақстан (Қазақ Елі) тарихы: 4 томдық кітаптан тұратын оқулық

4. Қазақстан тарихы. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. - Астана: 2022.

Тапсырмалар формасы:

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары.

Тапсырма саны:

Нұсқадағы тест тапсырмаларының саны – 25.

№	Бөлім	№	Тақырып	Тапсырма мазмұнының сипаттамасы
01	Ежелгі Қазақстан	01	Көшпелілер өркениетінің қалыптасуы. Ежелгі мемлекеттер. Ежелгі мәдениет	Қазақстандағы көшпелілер мәдениеті. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы. Есік, Берел қорымдары. «Алтын адам».
02	Ерте және дамыған ортағасырлардағы Қазақстан	02	Қазақстандағы ортағасырлардағы мәдениет	Көне түркі жазуы. Түркі әлемінің көрнекті ойшылдары. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари. Түркістан, Тараз, Сығанақ қалалары.
03	XIII-XVII ғасырлардағы Қазақстан	03	Қазақстан территориясындағы ірі мемлекеттер	Жошы ұлысының құрылуы. Қазақ хандығының құрылуы. Керей мен Жәнібек хандар. Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Тәуке хан. XIII-XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті.

				Отырар, Сарайшық, Сауран, Сығанақ, Түркістан қалалары.
04	XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан	04	Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы	Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы. Аңырақай шайқасы. Отан қорғаушы батырлар. Әбілқайыр хан, қолбасшы. Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр. Райымбек батыр. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығы.
		05	«Ұлы Дала» мәдениеті	XVI-XVIII ғасырлардағы мәдениет. Қазақ халқының мәдениеті: материалдық, рухани мәдениет. Әдебиет пен өнер: акын-жыраулар, халық әншілері мен композиторлардың шығармашылығы, музыкалық өнер. Шалкиіз, Үмбетей, Бұқар жыраулары. Қазақтардың қолданбалы өнері. Киіз үй.
		06	XIX ғ. Қазақстан. Саяси-әлеуметтік өзгерістер. Ағартушылық мәдениет	XIX ғасырдағы Қазақстандағы ағарту ісі мен ғылымның дамуы. Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің ағартушылық қызметі. Абай Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, акын. Шоқан Уәлиханов - қазақтың ұлы ғалымы. Ыбырай Алтынсарин - көрнекті ағартушы. Алғашқы мектептер.
05	XX ғ. Қазақстан	07	Әлеуметтік-экономикалық жағдай. Алаш қозғалысы. Қазақ саяси элитасы	XX ғасырдың басындағы Қазақстан. 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісі және оның Қазақстанға әсері Алаш қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының саяси және қоғамдық қызметі. Ұлттық баспасөздің дамуы: «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының алғашқы оқу құралдары, оқулықтары ғылыми еңбектері. Ж. Аймауытұлы, С. Торайғырұлы, М. Жұмабаев шығармашылығы. Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнығуы. Қазақстан

		<p>территориясының межеленуі. Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Сейітқали Меңдешев.</p> <p>Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Мәлік Ғабдуллин, Рақымжан Қошқарбаев.</p>
08	Қазақстандағы ғылым, білім, мәдениеттің дамуы.	<p>Жоғары оқу орындарының ашылуы. КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы. Қ.Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері. Кеңестік Қазақстанның әдебиеті мен мәдениетінің дамуы. Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Есенберлин, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Мұқағали Мақатаев, Шәкен Айманов, Күләш Байсейітова, Ермек Серкебаев, Шәмші Қалдаяқов. «Қыз Жібек», «Менің атым - Қожа», «Тақиялы періште» фильмдері.</p>
09	Социалистік реформалар және тоқырау кезеңі	<p>Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Кен орындарының ашылуы және жаңа қалалардың салынуы. Қарағанды, Ақтау, Рудный, Теміртау, Лисаковск, Жаңаөзен.</p> <p>Тың игеру, оның экономикалық, экологиялық және демографиялық салдарлары. Қазақстан территориясында космостың игерілуі, «Байқоңыр» ғарыш айлағы. Қазақстанда ірі туристік аймақтардың ашылуы. Түркістан, Бұрабай, Алтай, Баянауыл, Қарқаралы. «Медеу», «Шымбұлақ» спорттық кешендері. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы басшыларының қызметі (Д. Қонаев, Ж. Тәшенов) Қазақстан</p>

			Қайта құру кезеңінде (1986-1991 жылдар). Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі. Наурыз мейрамының жандануы. 1989 жылы Тілдер туралы заңның қабылдануы.
06	Қазақстан Республикасы (1991-2024 жж.)	10	Қазақстан Республикасының дамуы КСРО-ның ыдырауы. Семей ядролық полигонының жабылуы. «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заңның қабылдануының тарихи маңызы. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси институттарының қалыптасуы. Қазақстанның әкімшілік бөлінісі. Қазақстанның географиясы. Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасының бекітілуі. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі: Біріккен Ұлттар Ұйымына, ЮНЕСКО-ға басқа да халықаралық ұйымдарға мүше болуы. 1995 жылғы Конституцияның қабылдануы. Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы беделінің өсуі. Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасы. Қазақстанның ЕҚЫҰ және ИЫҰ-на төрағалық етуі. Әлемдік экономикалық байланыстар жүйесіндегі Қазақстан. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайы. Қазақстандағы ірі шетелдік компаниялар. Астана – Қазақстан Республикасының жаңа астанасы. Тәуелсіз Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің дамуы.

III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздері бойынша білім көлемін бағалау мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқаулық келесі нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарды қамтиды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.

Тапсырмалар формасы:

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары.

Тапсырмалар келесі тақырыптарды қамтиды:

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Конституциялық құрылым негіздері	01	Жалпы ережелер
02	Адам мен азамат құқықтары мен еркіндіктері	02	Адам және азамат
03	Мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі	03	Президент
		04	Парламент
		05	Үкімет
		06	Конституциялық Сот
		07	Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл
08	Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару		

IV. ТЕСТІЛЕНУШІЛЕРДІҢ ІС-ӘРЕКЕТ АЛГОРИТМІ

Кезеңдер	Тестіленушілердің іс-әрекеті
Өтініштерді қабылдау мерзімдері	Өтініштерді қабылдау келесі кезеңдерде жүзеге асырылады: 1) күнтізбелік жылғы 1 – 5 ақпан аралығында; 2) күнтізбелік жылғы 1 – 5 сәуір аралығында; 3) күнтізбелік жылғы 1 – 5 шілде аралығында; 4) күнтізбелік жылғы 6 – 11 қазан аралығында.
Ағымдағы жылғы тестілеу өткізу мерзімі	2024 жылғы 12-20 қараша аралығында.
Тестілеу өткізілетін қалалар	Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Семей, Қарағанды қалалары
Тестілеуге қатысу үшін өтініш беру	Тестіленуші тестілеуге қатысу үшін өтінішті Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы онлайн түрде береді. Тестілеуге қатысуға өтініш беру үшін тестіленушіге: - app.testcenter.kz сайтына кіру және интерфейс тілін таңдау (қазақ/орыс); - өтініштер беру жүйесіне электронды пошта арқылы тіркелу (Ұлттық тестілеу орталығынан келген хатта міндетті түрде электрондық поштаны растау міндетті); - өтініштерді беру жүйесінде алынған логин мен пароль

Кезеңдер	Тестіленушілердің іс-әрекеті
	<p>арқылы авторизациядан өту (логин мен пароль көрсетілген хатты өшіруге болмайды);</p> <ul style="list-style-type: none"> - ЖСН көрсетіп, «Іздеу» батырмасын басу (А.Т.Ө. автоматты түрде шығады); - байланыс телефоны нөмірін көрсету; - «Өтініш беру» парақшасына өтіп, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезіндегі тестілеуді» таңдау; - тестілеуді тапсыру тілін таңдау: қазақ немесе орыс; - тестілеуді тапсыру қаласын таңдау: Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Семей және Қарағанды қалалары; - тестілеу күні мен уақытың таңдау; - мүгедектіктің болуы/болмауы туралы деректер мүмкіндігі шектеулі (мүгедек) тестіленушілер мүгедектігі туралы анықтаманы және көмекшінің деректерін тіркеу; - тестілеуді өткізу қағидаларымен танысып, келісетінін растау; - төлем жасау әдісін таңдап, тестілеуге төлем жасау қажет. <p>Тестілеуге қатысу құны 14693 теңгені құрайды.</p> <p>Барлық кезеңдерді сәтті аяқтағаннан кейін «Өтініш сәтті қабылданды!» деген мәлімдеме шығады.</p> <p>Өтініштерді қабылдау базасы жабылғаннан кейін таңдалған тестілеуді тапсыру қаласы өзгертілмейді.</p> <p>Тестілеуді өткізу пункті, күні және уақыты туралы ақпарат тестіленушінің жеке кабинетінде «Менің іс-әрекетім» бөлімінде қолжетімді болады.</p> <p>Тестілеуге қатысудан бас тартқан жағдайда өтініштерді қабылдау базасы жабылғанға дейін тестіленуші өзінің өтінішін жеке кабинетінде жоюы қажет.</p> <p>Өтініштерді қабылдау жабылғаннан кейін тестілеу үшін жасалған төлем қайтарылмайды.</p>
<p>Өтініштерді қабылдау базасы жабылғанға дейін берілген өтінішке өзгерістер енгізу.</p>	<p>Берілген өтінішке өзгеріс енгізу қажет болған жағдайда (тестілеу тапсыру тілін, қаласын өзгерту) өтініш қабылдау базасы жабылғанға дейін тестіленушіге өзгеріс енгізуге мүмкіндік беріледі.</p> <p>Ол үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) «Менің іс-әрекетім» бөліміне өту; 2) өтінішті ашып, «Өтінішті өңдеу» батырмасын басу; 3) өзгерістер енгізу; 4) түзетуден кейін «Сақтау» батырмасын басу қажет.
<p>Ақша қаражатын қайтару</p>	<p>Ақша қаражатын қайтару келесі жағдайларда жүзеге асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тестілеуге қатысудан бас тарту және өтініштерді қабылдау базасы жабылғанға дейін тестілеуге берілген өтінішті жою;

Кезеңдер	Тестіленушілердің іс-әрекеті
	<p>- дәлелді себептер бойынша (денсаулық жағдайы бойынша және тізбесі «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексі 1-бабының 13) тармақшасында айқындалған жақын туыстарының қайтыс болуы және туыстық байланысты растайтын құжаттарды ұсынуы) тестілеуге келмеуі.</p> <p>Тестіленуші ақша қаражатын қайтару үшін өтініш жазып, «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе 025/у немесе 026/у нысан бойынша медициналық анықтаманы не болмаса жақын туыстарының қайтыс болғанын растайтын және туыстық байланысты растайтын құжаттарды ұсына отырып, Ұлттық тестілеу орталығының uto@testcenter.kz, nct_pvo@mail.ru электронды пошталарына жіберуі қажет.</p> <p>Өзге анықтамаларды ұсынған жағдайда тестілеу үшін төлем қайтарылмайды.</p> <p>Тестілеу үшін төленген ақша қаражаты тестілеуге өтініш берілгеннен кейінгі 1 жылға дейінгі мерзімде, келесі құжаттарды ұсынғаннан кейін қайтарылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тестілеу үшін төлемді қайтару туралы тестіленушіден өтінішті; 2) тестілеуге қатысуға арналған төлем туралы түбіртеккі; 3) жеке куәліктің көшірмесін; 4) төлем картасының көшірмесін; 5) банктің реквизиттерін көрсете отырып, 20 таңбалы есепшотын; 6) негізделген себептер бойынша тестілеуде болмау себебін растайтын құжаттарды ұсынған кезде қайтарылады. <p>Көрсетілген құжаттардың біреуі болмаған жағдайда өтініш қарастырылмайды.</p> <p>Тестілеу үшін төленген төлем деректер базасы жабылғаннан кейін қайтарылмайды.</p>
<p>Мүмкіндігі шектеулі (мүгедектігі бар) тестіленушілерге</p>	<p>Мүмкіндігі шектеулі (мүгедектігі бар) тестіленушілер тестілеуге өтініш берген кезде мүгедектікті белгілеу туралы құжаттың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасын ұсынады.</p> <p>Мүгедектікті белгілеу жөніндегі құжатты ұсынған кезде мүмкіндігі шектеулі (мүгедектігі бар) адамдарға қазақ филологиясы, Қазақстан тарихы және құқықтану саласының маманы болып табылмайтын, ымдау тілін меңгерген жеке көмекшінің қатысуына рұқсат беріледі. Көмекшінің (бар болған жағдайда) білімі туралы деректер мен растайтын</p>

Кезеңдер	Тестіленушілердің іс-әрекеті
	құжаттары тестілеуге өтініш берген кезде ұсынылады. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар) тестілеу үшін қосымша 30 (отыз) минут беріледі.
Тестілеуді өткізу туралы ақпаратпен танысу	Тестілеуді өткізу күні, уақыты және орны туралы ақпаратпен тестіленуші app.testcenter.kz сайтындағы жеке кабинетінде «Менің іс-әрекетім» бөлімінде таныса алады.
Тестілеуді өткізу күні	Тестіленуші тестілеуге белгіленген күні кіргізу белгіленген уақытында келеді. Тестіленушіде өзімен бірге қалам және тестілеуден өту үшін төмендегі қажетті құжаттардың түпнұсқалары болуы қажет: 1) азаматтығы жоқ адамның куәлігі немесе шетелдік паспорт; 2) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты. Тестіленуші жеке заттарды сақтауға арналған орынға өтіп, жеке заттарды ұяшық шкафында қалдырады.
Тестіленушілерді тестілеуге кіргізу	Тестілеуді өткізу пунктіне тестіленушілерді кіргізу жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде бір-бірден жүзеге асырылады. Тестіленуші рамалық және қол металл іздегіштері арқылы өтеді. Тестіленушіге келесі тыйым салынған заттарды өзімен бірге: ұялы телефондарды, планшеттерді, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), ноутбуктерді, плейерлерді, модемдерді (мобильді роутерлер), радио-электрондық байланыстың кез келген түрлерін, оның ішінде (Wi-Fi (Вай-фай), Bluetooth (Блютюз), Dect (Дект), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), смарт сағаттарды, сымды және сымсыз құлаққаптарды, шпаргалкаларды, оқу-әдістемелік әдебиеттерді алып кіруге рұқсат етілмейді. Металл іздегішпен тексеру кезінде көрсетілген тыйым салынған заттардың бірі анықталған жағдайда тестілеу әкімшісі тестілеу өткізу пунктінің ғимаратына кіреберісте тестілеу барысында қолдануға тыйым салынған заттың табылуы және тестіленушінің ғимараттан шығарылуы туралы акті жасап, нәтижесінде тестіленуші тестілеуге қатысуға өтініш берген күннен бастап 6 (алты) ай ішінде осы тестілеуге жіберілмейді. Тестілеуге кіргізу барысында бөгде адам анықталған кезде тестілеу әкімшісі тестілеуге кіргізу барысында немесе тестілеу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акті жасап, нәтижесінде тестіленуші келесі тестілеуге қатысуға өтініш берген күннен бастап 6 ай ішінде осы тестілеуге жіберілмейді.
Тестіленушілерді компьютерлік	Тестілеу әкімшісі тестіленушілерді аудиторияға (компьютерлік сыныпқа) кезекпен кіргізеді.

Кезеңдер	Тестіленушілердің іс-әрекеті
сыныпта отырғызу тәртібі	<p>Тестіленушілерді компьютерлік сыныпта отырғызу отырғызу парағына сәйкес қатаң түрде жүргізіледі. Жеке басы сәйкестендірілгеннен кейін, тестіленуші отырғызу парағында көрсетілген нөмірге сәйкес орынға отырады және оған сәйкес орында отырғанын растай отырып, отырғызу парағына қол қояды.</p> <p>Тестілеу әкімшісі нұсқаулық өткізеді және аудиториядағы тәртіп сақтау ережесімен таныстырады.</p> <p>Тестілеуді өткізу барысында бөгде тұлға анықталған кезде тестілеу әкімшісі бақылаушылармен (бар болған жағдайда) бірлесіп тестілеуге кіргізу барысында немесе тестілеу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы актісін жасайды.</p> <p>Бөгде адам аудиториядан шығарылады. Тестіленушіге тестілеуді аяқтауға рұқсат етілмейді және тестіленушінің жауаптары өңделмейді. Тестілеу аяқталған кезде тестіленушінің нәтижелері жойылады.</p> <p>Тестілеу барысында өз орнына бөтен тұлғаны кіргізген тестіленушілерге тестілеуге өтініш берген күннен бастап 6 (алты) ай мерзімге шеттетіледі.</p>
Тестілеу кезінде тестіленушіге арналған ережелер	<p>Тестілеу өткізу барысында тестіленушіге:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) аудиториядан (компьютерлік сыныптан) тестілеу әкімшісінің рұқсатынсыз шығуға; 2) төтенше, форс-мажорлық жағдайларды және (немесе) тестіленушінің денсаулығына байланысты жағдайларды қоспағанда, тестілеудің соңғы сағатында аудиториядан (компьютерлік сыныптан) шығуға; 3) сөйлесуге, бір орыннан екінші орынға ауысуға; 4) құжаттармен, кез келген тыйым салынған заттармен және тестіленушіге жұмыс үшін берілген А4 форматтағы парақпен алмасуға; 5) тестілеу материалдарын, құжаттарды және тест тапсырмаларымен жұмыс үшін берілген А4 форматындағы парақты аудиториядан (компьютерлік сыныптан) алып шығуға, бүлдіруге; 6) аудиторияға (компьютерлік сыныпқа) тыйым салынған заттарды алып кіруіне және/немесе қолдануына; 7) тестілеу алдында немесе тестілеу кезінде шулауға; 8) тестілеу тапсырмаларының мазмұнын талқылауға және жария етуге; 9) тестілеу кезінде пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге рұқсат етілмейді. <p>Тестіленуші тәртіп сақтау ережелерін бұзған жағдайда тестілеу әкімшісі бақылаушылармен (бар болған жағдайда) бірлесіп, аудиторияда тыйым салынған заттың тәркіленуі</p>

Кезеңдер	Тестіленушілердің іс-әрекеті
	және тестілеу барысында тәртіп сақтау ережесін бұзғаны немесе тестілеу жүйесіне араласқаны үшін тестіленушіні аудиториядан шығару туралы акті жасайды. Тестіленушіге тестілеуді аяқтауға рұқсат етілмейді және тестіленушінің жауаптары өңделмейді. Тестілеу нәтижелерін алған кезде тестіленушінің нәтижелері жойылады.
Тестілеуді өткізу тәртібі	<p>Тестіленуші тестілеу жүйесіне әрбір кіру және одан шығу кезінде, сондай-ақ тестілеу аяқталғаннан кейін компьютерде орнатылған фронтальды камера арқылы адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялаудан өтеді.</p> <p>Тестілеуді бастау үшін тестіленуші:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тестілеу жүйесіне кіру үшін логин және құпия сөзді енгізу немесе ЖСН енгізу және компьютерде орнатылған фронтальды камера арқылы адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялаудан өтуі; 2) тестіленушінің тестілеу деректерінің дұрыстығын растауы; 3) тестілеу өткізу тәртібімен танысуы және растауы; 4) «Кіру» батырмасын басқаннан кейін тестілеу тапсыруға кірісуі қажет. <p>Тест тапсырмаларын шешу бойынша жұмысты орындау үшін әрбір тестіленушіге А4 форматындағы қағаз беріледі, оны тестілеу аяқталғаннан кейін тестілеу әкімшісіне тапсыру қажет.</p> <p>Тестіленуші бөлімдерді тапсыру кезектілігін өз бетінше таңдайды. Тестіленушінің тест тапсырмалары арасында ауысу, бұрын таңдалған жауаптарды өзгерту мүмкіндігі бар. Тест тапсырмаларының нысаны - бір дұрыс жауабы бар тапсырма.</p> <p>Бір тест тапсырмасы 1 балмен бағаланады.</p> <p>Тест тапсырмаларының жалпы саны – 100, оның ішінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қазақ тілі бойынша – 60, оның ішінде: тыңдалым бөлігі бойынша – 20, оқылым бөлігі бойынша – 40; 2) Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздері бойынша – 15; 3) Қазақстан тарихы бойынша – 25. <p>Тестілеуге берілетін жалпы уақыт 2 сағат 10 минутты құрайды.</p> <p>Мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар) тестілеу үшін қосымша 30 минут беріледі.</p> <p>Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде 36 (отыз алты) балдан кем емес,</p>

Кезеңдер	Тестіленушілердің іс-әрекеті
	<p>Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін 9 (тоғыз) балдан кем емес, сондай-ақ Қазақстан тарихын 15 (он бес) балдан кем емес білу көлемі бекітілсін.</p> <p>Техникалық себептер бойынша апелляцияға өтінішті тестіленуші тестілеуден өту барысында береді.</p> <p>Техникалық себеп бойынша апелляция тест тапсырмасы шартының фрагменті (мәтін, сызба, суреттер, кестелер) болмаса, соның нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін болмағанда қаралады.</p> <p>Апелляцияға арналған өтініште көрсетілген нақты фактілер қарастырылуға жатады.</p> <p>Тестілеудің аяқталғанын тестіленуші «Тестілеуді аяқтау» батырмасын басу арқылы растайды.</p> <p>Тестілеу аяқталғаннан кейін дербес компьютер экранында оның жауаптарының нұсқасы мен дұрыс жауаптар коды көрсетілген талдау картасы, сондай-ақ әрбір сұрақ және бөлімдер бойынша жиналған балдар саны мен тестілеудің жалпы балы көрсетіледі.</p> <p>Тестілеуді тапсыру кезеңінде оны қайта тапсыруға жол берілмейді.</p> <p>Тестілеу қорытындысы бойынша шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға шекті балды еңсергенде қазақ тілінде электрондық сертификат беріледі. Шекті балды еңсермегенде сертификат берілмейді. Тестілеу аяқталғаннан кейін сертификат тестіленушінің жеке кабинетінде қолжетімді (апелляцияға өтініш берген тестіленушілерді есепке алмағанда) болады.</p>
Апелляцияға өтініш	<p>Апелляция тест тапсырмаларының мазмұны бойынша келесі мәселелерді қарастырады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмесе; 2) дұрыс жауап болмаса; 3) ұсынылған жауаптардың ішінде екі немесе одан да көп дұрыс жауап болса (дұрыс жауаптарды көрсету); 4) тест тапсырмалары дұрыс құрастырылмаса. <p>Техникалық себептер бойынша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тест тапсырмаларында фрагмент немесе мәтін болмаса; 2) тест тапсырмаларының (мәтін, схемалар, суреттер, кестелер) шарттары болмағандықтан, дұрыс жауапты айқындау мүмкін болмаса. <p>Апелляцияға берілген өтініште баяндалған нақты фактілер қарауға жатады. Тест тапсырмаларын қайта қарау үшін мазмұны бойынша өтініш берген кезде тестіленуші дәлелді негіздемені (толық түсініктеме) көрсетеді. Дәлелді негіздеме (толық түсініктеме, тапсырмаларды қадамдық шешу) көрсетілмеген өтініш қарауға жатпайды.</p> <p>Қорытынды балмен келіспеген тестіленуші апелляцияға</p>

Кезеңдер	Тестіленушілердің іс-әрекеті
	<p>өтінішті ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • техникалық себептер бойынша – тестілеу барысында «Техникалық себептер бойынша апелляция беру» батырмасы арқылы; • мазмұны бойынша – тестілеу аяқталғаннан кейін 30 (отыз) минут ішінде береді. <p>Апелляцияны апелляциялық комиссия 5 (бес) жұмыс күн аралығында қарап, шешім шығарады.</p> <p>Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.</p> <p>Апелляция нәтижелері тестіленушінің www.app.testcenter.kz сайтындағы жеке кабинетінде көрсетіледі.</p>
<p>Тестілеуді өткізу кезеңінде келесі күндердің бірінде тестілеуге қатысу мүмкіндігін беру</p>	<p>Өтініш берген, бірақ белгіленген күні тестілеуге қатыспаған тестіленушіге тестілеуді өткізу кезеңінде (лек пен аудиторияда орын болған жағдайда) келесі күндердің бірінде қатысу немесе келесі дәлелді себептер бойынша ақша қаражатын қайтару мүмкіндігі беріледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) денсаулық жағдайы бойынша «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес 025/у немесе 026/у нысан бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе медициналық анықтама болған кезде; 2) тізбесі «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексі 1-бабының 13) тармақшасында айқындалған жақын туыстарының қайтыс болғанын растайтын құжаттар болған кезде. <p>Тестіленуші тестілеу күнін ауыстыру туралы өтініш жазып, растайтын құжаттарды тіркеп, Ұлттық тестілеу орталығының uto@testcenter.kz, nct_pvo@mail.ru электронды пошталарына жіберуі қажет.</p>
<p>Тестілеудің электрондық сертификаты</p>	<p>Тестілеу қорытындысы бойынша шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға шекті балды еңсергенде қазақ тілінде электрондық сертификат беріледі.</p> <p>Шекті балды еңсермегенде сертификат берілмейді.</p> <p>Электрондық сертификат тестілеу аяқталғаннан кейін және (немесе) апелляцияға шағым қаралғаннан кейін (апелляцияға берген жағдайда) жеке кабинетінде қолжетімді болады.</p> <p>Электрондық сертификатты растау ҰТО-ның https://certificate.testcenter.kz сайты ЖСН мен тестіленушінің жеке кодын (ТЖК) енгізу арқылы мүмкін болып табылады.</p> <p>ТКЖ тестіленушінің жеке кабинетінде «Менің іс-әрекетім»</p>

Кезеңдер	Тестіленушілердің іс-әрекеті
	бөлімінде қолжетімді болады. Электрондық сертификаттың жарамдылық мерзімі берілген сәттен бастап 2 (екі) жылды құрайды.

1-қосымша

Байланыс телефондары	<p>Call center: 69-50-69</p> <p>Қазақ тілі тест тапсырмалары бойынша: 69-52-96, 69-52-84, 69-52-85,</p> <p>Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздері және Қазақстан тарихы тест тапсырмалары бойынша: 69-52-66, 69-52-83</p> <p>Тестілеуді өткізу сұрақтары бойынша: 69-50-97, 69-50-98</p>
-----------------------------	---